Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

# Shet shuǵylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 2 sáýir 2026 jyl №13 (11 209)

Аудан әкімдігінде

## КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

**Сейсенбі, 31 наурыз күні аудан әкімі М.Мұхтаровтың төрағалығымен кезекті кеңейтілген аппарат отырысы болып өтті.**

**Күн тәртібінде "Көктемгі дала жұмыстарына дайындық жұмыстары" және ағымдағы жағдай: жылу беру маусымының өту барысы, көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық шаралары, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары мен бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілердегі ақпараттық жұмыстар туралы мәселелер қаралып, тиісті сала басшыларының хабарламалары тыңдалды.**



Отырыста аудан әкімі Жастар ресурстық орталығының жаңа басшысы Наурызбай Сұлтанұлы Дәулетқабыловты таныстырып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Аудан әкімі көктемгі дала жұмыстарына, сондай-ақ, жылу беру маусымының өту барысына қатысты бірқатар мәселелерге тоқталып, тиісті тапсырмалар берді.

Отырыста сонымен қатар, көктемгі тасқын судың алдын алуға дайындық жұмыстары бойынша су қаупі бар ауыл, кент әкімдері қардың еріп, жерге сіңіп жатқандығын, жалпы су тасқынының алдын алу, оның салдарын жою үшін тиісті жұмыстар жүргізілгенін, жағдайдың бақылауда екенін хабардар етті.

Отырыста ауданның ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Ахметов өткен аптадағы ауданның саясы, мәдени жаңалықтары жөнінде хабарламалар жасады.

Аппарат отырысын қорытындылаған аудан әкімі күн тәртібінде қаралған мәселелерге қатысты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

**Өз тілшімізден.**

Мезгіл мәселесі

## ТӘУЛІК БОЙЫ БАҚЫЛАУДА

**Аудан әкімі М.Мұхтаров су тасқыны қаупі бар елді мекендерді аралап, атқарылып жатқан жұмыстарды арнайы барып көрді.**

**Биыл ауа райының ерте жылынуына байланысты тасқын судың алдын алу шаралары күшейтілді.**

Аудан әкімінің айтуынша өткен жылғы тасқыннан зардап шеккен 11 елді мекенде қорғаныс дамбалары толық қалпына келтірілген. Ақадыр, Шопа, Дәрия ауылдарында су өткізу жүйелері жаңартылып, елді мекендерден 32 мың текше метрден астам қар шығарылған. 33 шақырым арық пен 770-тен астам құбыр тазартылып, 400-ден астам маман мен 300-ге жуық арнайы техникалар толық дайын. Сонымен қатар, 3 430 тонна инертті материал мен 32 800-дей қап қоры әзірленген. Аудандағы қауіпті деп саналатын 32 елді мекеннің барлығы тұрақты бақылауда тұр. Ал, соның ішінде 8 ауылда қауіп деңгейі едәуір төмендеген.



Көктемгі егіс-2026

## КӨКТЕМДЕ СЕБІЛГЕН ДӘН - ЖЫЛҒА АЗЫҚ

Е.ӘБІШЕВ,
ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы

**Ағымдағы жылы көктемгі дала жұмыстары 42620 гектар алқапта жүргізіледі деп жоспарлануда. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2400 гектарға артық.**

Жоспарланып отырған азықтық дақылдар алқабы 23,5 мың гектарды құрайды, оның ішінде біржылдық шөптер 13,5 мың га, көпжылдық шөптер 10,0 мың га. Сонымен қатар, 1 420 гектар алқапқа картоп отырғызылады, бұл 2025 жылғы көрсеткіштен (1 358 га) 62 гектарға артық.

Ағымдағы жылы бұрыннан егістік жерлері бар шаруа қожалықтары дәнді дақылдар, картоп және екпе шөптер өсіруді жоспарлап отыр. Атап айтқанда Ақсу-Аюлы ауылдық округінен 100 га, Ақшоқы 184 га, Бұрма 190 га, Красная Поляна 177 га, Өспен 228 га, К.Мыңбаев 200 га, барлығы 1 079 гектарға дәнді дақылдар егілмекші.

Көктемгі егіске қажетті 2,5 мың тонна дәнді дақыл тұқымы дайындалды. Оның ішінде 750 тонна бірінші репродукциялы тұқым 9 000 га алқапқа, 1 750 тонна 2-3 репродукциялы тұқым 15 000 га алқапқа дайындалды. Сонымен қатар, 4 380 тонна картоп тұқымы дайындалды.

Бүгінгі күні тұқым сапасын анықтау жұмыстары толық аяқталды. Аудан бойынша тексеріске 2 500 тонна тұқым (жалпы көлемнің 100%-ы) тапсырылды. Оның барлығы кондициялы: 1-класс - 670 тонна (27%), 2-класс - 1 000 тонна (40%), 3-класс - 830 тонна (33%). Өнгіштігі, ылғалдылығы, тұқымның салмағы, тазалығы, аурулармен залалдануы және зиянкестермен зақымдануынан тексеру толық жүргізілді.



Ағымдағы жылы 5 тонна минералдық тыңайтқыш сатып алу жоспарлануда. бұл 1 478 гектар алқапты немесе жалпы егіс көлемінің 6,1%-ын қамтуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні 5 тоннаға келісімшарттар жасалды.

Минералдық тыңайтқыштарды басымды қолданатын Красная Поляна ауылдық округіне қарасты «Шерубай Су» ЖШС-і болып табылады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының аурулары, зиянкестер және арам шөптерге қарсы қолданылатын пестицидтерді сатып алу бойынша келісім шарттар жасалу үстінде.

⇨2-ші бетте.

Көктемгі егіс-2026

# КӨКТЕМДЕ СЕБІЛГЕН ДӘН - ЖЫЛҒА АЗЫҚ

⇨1-ші беттен.

Өсімдік шаруашылығы өнімдерін ұлғайту - суармалы жерлерді айналымға енгізу арқылы жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы құрылымдарына бекітілген 3,0 мың га суармалы жердің 2 700 гектары немесе 88,7%-ы пайдаланылуда. (жалпы - 3,6 мың га).

Ағымдағы жылы суармалы жер көлемін 300 гектарға ұлғайтып, 3 000 гектарға жеткізу жоспарлануда. Бұл жалпы көлемнің 95,1%-ын құрайды.

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы техникаларын дайындау жұмыстары толық аяқталды. Егіс науқанына 1 748 трактор, 4 егіс кешені және 361 тұқым сепкіш жұмылдырылады. Барлығы жұмысқа дайын.

Жыл басынан бері 7 трактор, 6 топырақ өңдеу агрегаты және басқа да техникалар сатып алынды. Жалпы құны 146,5 млн. теңге. Оның ішінде 12 бірлік техника 130,5 млн. теңгеге өз қаражаты есебінен, 1 бірлік 16,0 млн. теңгеге лизинг арқылы алынды.

Бізге түскен мәліметтер бойынша техникалардың дайындығы 100%-ды құрайды. Тракторлар 95,6%, егіс кешендері 100%, тұқым сепкіштер 100%, топырақ өңдеу құралдары 100% дайын.

Сонымен қатар, көктемгі дала жұмыстарына 256 тонна арзандатылған дизель отынына шаруашылықтар тарапынан өтінім беріліп, оның 150 тоннасына келісімшарт жасалды. Жеткізуші оператор ретінде «Мұнай Компани» ЖШС-і белгіленді. Дизель отынының бағасы литріне 281 теңге. Келісім-шартқа сәйкес жеткізу мерзімі сәуір айында 150 тонна, мамыр айында 106 тонна.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері егіс жұмыстарын 5-10 мамыр аралығында бастауды жоспарлап отыр. Көктемгі дала жұмыстары бөлімнің тұрақты бақылауында.

# ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА ЖАҢА БАСШЫ



**Аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Ахметов Жастар ресурстық орталығының жаңа басшысы Дәулетқабылов Наурызбай Сұлтанұлын ұжымға таныстырып, алдағы қызметіне сәттілік тіледі.**

Н.Дәулетқабылов 1997 жылы Шет ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары. Еңбек жолын 2019 жылы «Шет ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде статист қызметінен бастаған. 2024 жылдан бастап осы уақытқа дейін Сәкен Сейфуллин кентіндегі жеке кәсіпкерлік негізгі мектепке дейінгі білім беру ұйымының басшысы қызметін атқарып келді.

Мезгіл мәселесі

# МАЛ БАҒУ - ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

**Мал ұстау - ата кәсіп, береке мен тіршіліктің көзі деп жатамыз. Дегенмен оған жауапкершіліктің бар екенін де естен шығармауымыз керек. Соңғы уақытта малдардың елді мекен ішінде, көшелер мен жол бойында қараусыз жүргені жиілеп отыр. Бұл жағдай ауыл тұрғындарына қолайсыздық тудырып қана қоймай, жол қауіпсіздігіне де үлкен қауіп төндіріп отыр.**

Өкінішке қарай, өткен жылы жол бойында қараусыз жүрген малдың салдарынан 25 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл негізінен мал иелерінің жауапкершілігінің төмендігінен, тиісті заңнама талаптарын сақтамауынан болып отыр. Сондықтан да бұл мәселеге бейжай қарамай мал иелері бағымды ұйымдастырып, жауапкершілік танытып, малдарына ие болу керектігін еске саламыз.

Ауыл ішінде қараусыз жүрген мал ғана емес, иесі белгісіз есектер де тұрғындардың наразылығын тудырып отыр. Көшеде бос жүрген есектің сырғасы да, таңбасы да жоқ. Ал оның кімнің малы екенін білетін адамдар үнсіз отыр. Бұл да ортақ жауапкершіліктің жоқтығын көрсетеді.

Бұл есектерді не үшін әкелгенгендерін түсіне алмай-ақ қойдық. Арбаға жегіп, жұмыс жасап жатқанды немесе оны мініске пайдаланып жүрген жанды көрмедік.

Тағы бір мәселе - ол қаңғыбас иттерді аулау жұмыстары қолға алынуда. Жалпы итті асыраған соң оны байлап, ауладан тыс шығармай ұстаудың орнына көшеде қаңғып, адамға, балаларға қауіп төндіруде. Күнара осы қаңғыбас иттерге қатысты тұрғындардан шағымдар келіп түсуде. Иттің иесіне де қараусыз қалдырғаны үшін жауапкершіліктің барын еске саламыз.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 633-бабы 2-тармағына сәйкес, малды қараусыз жібергені үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Малдарды қараусыз жіберу, ауыл ішінде, көшелерде, жолдарда жүруі, біреудің егістігіне немесе бау-бақшасына түскені үшін 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады, ал құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса 10 АЕК-ке дейін өседі.

**Мал иесінің міндеттері:**

- Малын қараусыз жібермеу;
- Мал бағымын ұйымдастыру (бақташы жалдау немесе кезекпен бағу);
- Малдың ауыл ішінде, көшеде, жолда жүруіне жол бермеу;
- Түнгі уақытта малды қорада немесе қоршауда ұстау;
- Мал біреудің егістігіне, бау-бақшасына түссе, келтірілген шығынды өтеу;
- Егістік маусымы кезінде малдың шабындыққа, егістік алқаптарға шығуына жол бермеу;
- Малын уақытылы тіркеу, ветеринариялық талаптарды сақтау;
- Сырғалау, таңбалау жұмыстарын жүргізу.

**Құрметті ауыл тұрғындары!**

Мал асыраған соң оған аса жауапкершілікпен қарауға шақырамыз. Ауылдың тазалығы, тәртібі, жол қауіпсіздігі - барлығымызға ортақ мәселе.

Тәртіп те, тазалық та, қауіпсіздік те - әр адамның жауапкершілігінен басталады.

**Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімдігі.**



Заң және тәртіп

# СОТ АКТІЛЕРІН ШАҒЫМДАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ СОТ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

**Азаматтардың өтініштерін қарау тәжірибесі, жеке қабылдаулар және азаматтармен өзара іс-қимылдың басқа да нысандары қоғамда сот билігінің рөлі, оның тәуелсіздік қағидаттары және сот актілерін қайта қараудың заңда белгіленген тәртібі туралы түсінік әлі де жеткіліксіз екенін көрсетеді.**

Кейбір жағдайларда азаматтар мемлекеттік органдарға судьяның әрекеттерін түсіндіруді, сот ісін қарауға ықпал етуді немесе сот шешімін қайта қарауға көмектесуді сұрап жүгінеді. Алайда мұндай өтініштер көбінесе мемлекеттік органдардың құзыретіне кірмейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну қағидаты негізінде жүзеге асырылады. Бұл қағидат Конституцияның 3-бабында бекітілген.

Конституцияның 75-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек соттар жүзеге асырады. 76-бап сот билігінің азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталғанын айқындайды.

Сонымен қатар 77-бапта судьялардың тәуелсіздігі, олардың тек Конституция мен заңдарға ғана бағынатыны және сот төрелігін жүзеге асыруға араласуға жол берілмейтіні көрсетілген.

Судьялардың тәуелсіздігіне кепілдіктер «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңда да бекітілген.

Конституция әрбір адамға сот арқылы қорғалу құқығын кепілдендіреді. Бұл құқық сот шешімдерін заңда белгіленген тәртіппен қайта қарау мүмкіндігін де қамтиды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты бұл құқық заңмен белгіленген рәсімдер мен талаптар шеңберінде жүзеге асырылатынын бірнеше рет атап өткен.

Яғни, сот актілерін қайта қарау тек процестік заңнамамен көзделген тәртіп бойынша және тек соттардың құзыреті шеңберінде жүзеге асырылады.

Процестік заңнама сот актілерін қайта қараудың бірнеше нысанын қарастырады.

Апелляциялық тәртіп - сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін істі мәні бойынша қайта қарау (Азаматтық процестік кодекстің 52—53-тараулары; Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 25-27-тараулары; Қылмыстық-процестік кодекстің 48-49-тараулары).

Кассациялық тәртіп - заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын тексеру (Азаматтық процестік кодекстің 54-тарауы; Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 169, 169-1-баптары; Қылмыстық-процестік кодекстің 52-тарауы).

Жаңа немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау - бұрын белгісіз болған және істің шешілуіне әсер етуі мүмкін мән-жайлар анықталған жағдайда қолданылады (Азаматтық процестік кодекстің 55-тарауы; Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 170-бабы; Қылмыстық-процестік кодекстің 53-тарауы).

Прокуратураның бұл жүйедегі рөлі де заңмен айқындалған. Прокурор сот актілеріне наразылық келтіруге құқылы, алайда сот шешімін өз бетінше өзгерте алмайды.

Азаматтармен жұмыс барысында мемлекеттік органдар сот қызметіне араласа алмайтынын және сот актілеріне баға бере алмайтынын түсіндіру маңызды. Оның орнына азаматтарға сот шешімдерін шағымданудың заңда белгіленген тәртібі, мерзімдері және құқықтық мүмкіндіктері түсіндірілуі тиіс.

Сот тәуелсіздігі - мемлекеттік билікті ұйымдастырудың маңызды қағидаты ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғаудың негізгі кепілі болып табылады.

**Қарағанды облысының Әділет департаменті.**

Тіл - елімнің тірегі

# СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ РӨЛІ

**Қазақстанда мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру - елдің құқықтық және мәдени дамуының маңызды көрсеткіші. Осы тұрғыда сот жүйесінде қазақ тілін қолдану мәселесі ерекше мәнге ие.**

Конституцияға сәйкес, қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Сондықтан сот өнді-рісінде қазақ тілін қолдану заңды әрі міндетті талаптардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі және Қазақстан Республикасының Қыл-мыстық-процестік кодексі сот ісін жүргізудің негізгі тілі ретінде қазақ тілін белгілейді. Алайда занда басқа тілдерді қолдануға да мүмкіндік берілген. Егер іс жүргізуге қатысушылар қазақ тілін толық меңгермесе, оларға аудармашы қызметі ұсынылады және олар өз ана тілінде сөйлеу-ге құқылы. Бұл - азаматтардың құқықтарын қор-ғауға бағытталған маңызды қағида.

Жалпы, мемлекеттік тілдің кең қанат жайып, дамуына ең бірінші кезекте мемлекеттік қызметте жүрген қызметшілердің ықпалы зор. Себебі, мемлекеттің функциясын ат-қаруда және саясатты тәжірибелік тұрғыдан жергілікті жерлерде іс жүзіне асыратын негізгі субъектілер осы тұлғалар болып табылады. Қазіргі танда газет-журналдар мен теледидарлардан билік өкілдерінің мемлекеттік тілімізде берген сұхбаттарына көпшілік қауым, әсіресе жастар күнделікті сын көзбен қарап бақылап отырады.

Сондықтан да, мемлекеттік қызметшілер қазақ тілін толық меңгеріп, қызметінде үнемі қолданып отырса, халық арасында, қоғамда мемлекеттік тілге деген құрмет пен қажеттіліктің артатыны сөзсіз.

Ұлттық тіліміз туралы үнемі жазып, көпшілік жиындарда айтып, жас-тарға кеңінен насихаттап отыру қазіргі әрбір азаматтың абыройлы міндеті. Біздің қазақ тіліміздің тарихы терең, мағынасы мен сөздік қорының өте бай екендігі даусыз. Кезінде билеріміз бен жырауларымыз, батырларымызбен хандарымыз, шешендеріміз бен абыздарымыз осы ана тіліміз арқылы талай даулы мәселелерді бір-ақ ауыз сөзбен шешіп, талай жанжалдардың бетін қайтар-ғаны тарихтан мәлім.

Сот жүйесінде қазақ тілін қолдану - тек заң талабы ғана емес, ұлттық бірегейлікті нығайтудың маңызды тетігі. Бүгінде бұл бағытта оң өзгерістер байқалғанымен, толыққанды жүзеге асыру үшін жүйелі жұмыс қажет. Қазақ тілі сот төрелігінің негізгі тіліне айналғанда ғана оның мемлекеттік мәртебесі толық көрініс табады.

Тіліміздің тағдыры өз қолымызда, тіліміздің мәртебесін көтерейік!

**Т.ТӨЛЕУБЕК,**
**Шет ауданының №2 аудандық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы.**

Тарих толқынында

# КЕСЕНЕДЕ ЖЕРЛЕНГЕН ТОҚАУЛЫ БЕСІМ БАТЫР

Қазақ даласының әр қарыс топырағы - тарих. Әр төбе, әр жота - үнсіз шежіре. Сол шежірені тыңдай білсек, ұлттың мыңжылдық үні естіледі. Бірақ тарих өздігінен сөйлей бермейді; оны сөйлететін - тұлғалар. Халықтың жүрегінде жаңғырып тұратын сондай есімдердің бірі - XVII ғасырда ел мен жер тағдыры таразыға түскен алмағайып заманда, ерлігімен танылған Есім ханның сенімді серігі болған, кейін қасиетті Түркістан топырағында Әзірет Сұлтан бабаның жанында мәңгілік тыныс тапқан Бесім батыр.

Бұл - жай ғана батыр жайлы баян емес. Бұл - рухани сабақтастықтың белгісі. Бұл - ұлттың өз батырларын қайта тануға, ұмыт қалған асылдарын қайта тірілтуге деген ұмтылысымыздың айғағы. Өйткені Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне кез келген адам жерленбеген. Ол - қолына қару ұстаған жауынгерлердің ғана емес, рухани биіктікке көтерілген, елдік мұрат жолында жанын аямаған тұлғалардың мәңгілік мекені.

Қазақ тарихының қатпарлы беттерінде Бесім есімді екі батыр болғаны айтылады. Соның бірі - Есім хан дәуіріндегі саяси оқиғалармен тікелей байланысты Тоқаұлы Бесім батыр.

Бұл кезең - қазақ мемлекеттілігі үшін шешуші уақыттардың бірі еді. Ішкі алауыздық күшейіп, сыртқы қауіп арта түскен шақта, ханға тірек болар ерлердің маңызы айрықша болатын. Деректерге қарағанда, Қазығұрт өңіріндегі ұлысты басқарған Бесім батыр Бұқара мен Хиуаға қарсы жорықтарда, Ташкентті бағындыру жолындағы шайқастарда ерекше көзге түскен. Бұл оның жай ғана соғысқа қатысқан сардар емес, мемлекет тағдырына ықпал еткен ірі тарихи тұлға болғанын аңғартады.

XVII ғасыр қазақ халқы үшін ең күрделі кезеңдердің бірі. Жоңғар шапқыншылығы, хандықтар арасындағы текетірес, билікке талас - мұның барлығы ел тағдырын қыл үстіне қойды. Осындай шақта халық жадында сақталған жыр жолдары Бесім батырдың болмысын айқын көрсетеді:

«Киелі Қазығұртты мекен еткен,
Өмірден Бесім атты батыр өткен.
Атақты Есім ханның серігі боп,
Қатаған хан Тұрсынды тізерлеткен...»

Халық жыры - құр қиял емес, тарихи зерденің көркем айнасы. Халық жадында қалған есім ешқашан кездейсоқ болмайды. Қазақтың батыры - тек найза ұстап, жауға шапқан адам емес; ол - әділдіктің байрағы, ел-жұрттың үміті, азат рухтың символы.

Халық аузынан тараған аңыздарға қарағанда, Бесім батыр жастайынан ерекше қасиет иесі болған. Он жеті жасында Қыдыр ата түсінде оған аян беріп, Алла Тағаладан «Қашқан жаудан бер, бұзылған даудан бер» деп бата тілегені айтылады. Бұл сөздің астарында терең мағына жатыр: **жауды кешіре білу - даналықтың белгісі, ал дауды әділ шешу - кемелдіктің көрінісі**. Сондықтан ел ішінде Бесім батыр тек жауынгер ғана емес, би болуға лайық тұлға ретінде танылған.

Ол жастайынан ат жалын тартып мініп, ел қорғауға араласқан, сөз ұстаған шешендігімен жұртты аузына қаратқан, әділ билігімен қауымына қадірлі болған тұлға. Мұндай тұлғалар - тарихтың бағытын өзгертпесе де, халықтың рухын сақтап қалады. Өкінішке қарай, батырдың жауынгерлік сауыты үш ғасыр бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткенімен, кейін музейге тапсырылған соң ізі жоғалып кеткен... Бұл - бір ғана жәдігердің жоғалуы емес. Бұл - тарихи жадыға жасалған салғырттықтың белгісі. Өткенге немқұрайлы, болашаққа селқос қараумен тең. Ал енді суық ақылмен суық қол жұмсап сауытты алған пенде, Батырдың киесінен қорықпай қалай жер басып жүр екен...

Бесім батырдың есімі оның жұбайлары - Бөтей және Дәулетбике аналарымызбен бірге аталады. Қазақ «Алып анадан туады» дейді. Бұл - жай мақал ғана емес, ұлттың өмірлік тәжірибесінен туған шындық. Тама руынан Жөгі-Сеңгірбек-Қожетқызы Бөтей анамыз бүкіл елге құрметті болған, тіпті ұрпақтары адуынды рулы елге айналып «Енең Тоқасы» деп атанып, үбірлі-шүбірлі, жусан түбірлі болып тарап жатыр. Шүкір. Ал Бөтей ананы «Енем» деп атаған абысыны, кемел ақыл иесі Дәулетбике анамыз Тұрсынханның қызы, хан тұқымынан. Бүгінде Дәулетбике анамыздан өніп өскен алты болыс ұрпақтары «Дәулетбике Тоқалары» деп аталады. Шүкір.

Қазақ қоғамында кейде ер тұлғасын ұлықтап, сол ерді дүниеге әкелген, тәрбиелеген аналарды назардан тыс қалдырып жатамыз. Ал шын мәнінде, алыпты да, тарихты да дүниеге әкелетін - сол Бөтей мен Дәулетбике сынды алтын құрсақты аналар. Олардың бақиға аттанғанына үш жарым ғасыр өтсе де, аналардың есімі ұрпақ жадында әлі ұмытылған жоқ. Осы орайда бір әңгіменің тізгінін босатайын.

Тәуелсіздіктің ақ таңы атқаннан кейінгі онжылдық белесте, дәлірек айтқанда 2001 жылдың жазында, Арқадағы Арғын-Тоқа (Қаратоқа) ұрпақтары ата-бабалар рухына бағыштап ұлан-асыр ас берген еді. Даланың төсін дүбірге бөлеген бәйге, Сарыарқаның түн ауса, түгі өсетін сары даласының шаңын аспанға көтерген жігіттердің айбыны, қаз-қатар тігілген ақ шаңқан киіз үйлер - бәрі де ел жадын жаңғыртқан, рухты серпілткен ұлы жиынның айғағы болатын.

Сол астың бір сәті әлі күнге көз алдымда. Киіз үйдің іші салқын самалмен тыныстап тұр. Төрде ел ағалары отыр. Сөздің салмағын сезінетін, өткеннің шежіресін жүрегіне түйген, екі көнекөз қарияның әңгімесіне құлақ түрген едік.

Бірі - қаламы қарымды, сөзі салмақты жазушы Бақтияр Елшібайұлы. Екіншісі - шаңырағына кие мен қасиет дарыған, атақты Аманбек қажының тоқсанды белдеулеген баласы, жасы ұлғайса да ат үстінде жүрген, елге мәшһүр көнекөз шежіреші Ахметбек Аманбекұлы.

Екеуі де бір сәт үнсіз қалып, сырттағы дүбірге құлақ тіккендей болды. Сосын терең күрсініп, бір-біріне қарасты...

- Бабаларға ас беріп жатырмыз,- деді ақсақал байыппен. - Бұл - сауапты, саңлақ іс. Рухқа құрмет - елдіктің белгісі.

Аз үнсіздіктен кейін екіншісі сөзін жалғады:

- Арғын-Тоқа Бесім батырдың жұбайлары өзіміздің Жаңаарқаның солтүстік батыс бөктеріндегі Бөтей қыратында жатыр ғой... Шіркін-ай, аналарымызға да арнап ас беріп, Құран оқытсақ, рухтарына дұға бағыштасақ, нұр үстіне нұр болар еді...

Сол сөз киіз үйдің ішін бір сәтке мұң мен ойға толтырды. Даланың төсінде ат дүбірі естіліп тұрса да, төрдегі әңгіме жүрекке тереңірек жетті.

Өйткені елдің тарихы тек батырлармен ғана емес, сол батырларды өмірге әкелген, ақ сүтін беріп, ақ батасын арнаған аналармен де өлшенеді. Қариялардың күрсінісінде - ұмыт қалған бір парыздың үні, елдік сананың тереңіндегі сағыныш бар еді.

Сол сәттен бері Бөтей қыраты аталған сайын қасиетті жер, қос ақсақалдың жүрек түкпірінен шыққан сол бір сөздері бізге берілген бейне бір аманаттай құлақ түбімде жаңғырып тұрды да қойды...

2003 жылы Алланың жазуымен «Тарихқа үлес» деген тырнақалды ел ортасына кітапша жазып, онда «Бөтей ана» деген тарау арнадым. Содан бірнеше жылдан соң, бұл әңгіменің де үдесінен абыроймен шығуды Алла Тағала пешенемізге жазған екен.

Сарыарқаның кие қонған Ұлытау облысы, өркендеген Жаңаарқа ауданының Ақтүбек ауылына қарасты Бөтей қыратында, XVII ғасырда Бөтей мен Дәулетбике аналар жерленген қорымға, 2025 жылдың қазан айының басында, қасиетті Түркістандағы кесенеден арнайы түрде Бесім бабаның топырағы әкелініп, жерлеу рәсімінің жасалуы - тарихи жадының қайта жаңғыруының жарқын көрінісі. Бұл - жай ғана рәсім емес. Бұл - рухпен байланыс. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз осындайда еске түседі.

Арғын Тоқаұлы Бесім батырдың XVII ғасырда қасиетті Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленгенін растайтын Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігі, мәдениет комитеті № 05-10/323 03.10.2026 «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 6 Ғылыми Кеңесінің отырысының шешіміне сәйкес қабылдаған қаулысы - ұлттық болмысымызбен тарихи жадымызды жаңғырту жолындағы аса маңызды ғылыми шешім болды. Аталған қаулыға сәйкес Бесім батырдың Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, оның маңында жерленген тұлғалар қатарына ресми енгізілуі - тарихи әділеттің салтанат құруы ғана емес, халқымыздың рухани құндылықтарына деген құрметтің нақты көрінісі. Бұл - жай ғана құжаттық рәсім емес. Бұл - ғасырлар бойы көмескі тартқан тарихтың қайта тіл қатып, ұлт санасында жаңғыру сәті.

Неге Ясауи кесенесі? Өйткені Түркістан - тек географиялық кеңістік емес, ол - рухани астана. Бұл жерде хандар, билер, әулиелер мен мемлекет қайраткерлері жерленген. Демек, Бесім батырдың сонда мәңгілік тыныс табуы оның тек әскери емес, рухани мәртебесінің де жоғары болғанын көрсетеді.

2025 жылдың 20 қазаны күні қасиетті Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының мәжіліс залында "Бесім батыр Тоқаұлы - Есімханның бас батыры" атты ғылыми конференция өтті. Музей-қорық атынан танымал археолог ғалым Марат Тұяқбаев, арқадан тарих ғылымының докторы, профессор Әбсеметов Марат Оралбайұлы баяндамалар жасады. М.Әбсеметов мырза Ташкенттегі әріптестерімен хабарласып, Бесім баба туралы тың деректер айтты: «Аласапыран уақытта Қазығұрт жақтағы ұлысты басқарушы ағайынды Тұрсын, Есім хандардың сенімді серігі әрі тірегі болған. Тұрсын хан Тәшкентті билеп тұрған кезде Тоқа Бесім батыр Ташкент қаласының 12 қақпасының қарауылдарын басқарған, өтіп бара жатқан керуендерден баж салығын алған және Көкілташ медрессесіне ерекше қамқорлық жасап тұрған. Сонымен қатар Ташкент қаласында мешіт-медресе салуға атсалысқан. Ал, сол заманнан қалған Арғын батырларының ұрпақтары бүгінде Ташкентте Қыбрай ауданында Арғын, Ескі Арғын ауылдарында тұрып жатыр» деп айды аспаннан бір-ақ шығарды.

Ясауи ілімі - әділет, иман, адамгершілік жолы. Сол жолды ұстанған адам ғана бұл қасиетті мекенге лайық саналған. Көшпелі өркениетте батырлық тек білектің күшімен өлшенбеген. Нағыз батыр - елді біріктірген, әділдік орнатқан, рухты көтерген тұлға. Бесім батырдың өмір жолы осы өлшемдердің бәріне сай келеді.

Бүгінгі ұрпақтың баба есімін ұлықтап, ғылыми конференциялар өткізіп, ас беріп, құран хатым түсіруі - ұмытылуға шақ қалған тарихи жадтың қайта тірілгенінің белгісі. Бұл – Батыр әулетінің ғана емес, тұтас халықтың парызы. Өйткені тарих ұмытылса – ұлттың рухы әлсірейді.

Рухани сабақтастық - өткенді мадақтау емес. Ол - өткеннен қуат алу. Бесім батырдың тағдыры бізге үш ұлы қағиданы үйретеді:

Ел үшін өмір сүру, әділ болу, рухты биік ұстау.

Біз технологиялық дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Бірақ ұлтты сақтайтын - цифр да, техника да емес. **Ұлтты сақтайтын - жады.** Ал сол жадының тірі символдары - осындай батырлар.

Бесім батыр - тек XVII ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға емес. Ол - бүгінге жеткен рух. Оның Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде мәңгілік дамыл табуы - ерлігінің ғана емес, рухани зердесі биіктігінің де айғағы.

Тарих кейде көмескі тартады. Уақыттың шаңы басып, есімдер ұмытыла бастайды. Бірақ сол көмескіленген шежірені қайта жарыққа шығаратын, «өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді қайта маздатайық» деп жүрекпен қызмет ететін азаматтар бар.

Сексеннің сеңгіріне таяған жасына қарамастан, Түркістанның архивтері мен музейлерін қайта-қайта бірге аралап, дерек іздеп, ақыл қосып, жөн сілтеп жүрген сондай абзал жанның бірі - Түркістандағы «Қаз дауысты Қазыбек би» қорының төрағасы Пернетай Қамбарұлы Досыбеков ағам. Ол кісінің елдік істерге қосқан үлесі - өлшеусіз. Осындай сәтте абзал ағаға Алғыс айту - құр сөз емес, азаматтық парыз деп есептеймін.

Пернетай Қамбарұлы - асылдың сынығы. Әкесі Қамбар - мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеновпен ағайынды-туыс, сырлас дос болған. Тәшенов Түркістанға келген сайын Досыбек бабаның шаңырағына арнайы тоқтауы - бұл әулеттің елдік дәстүрден айнымай, қарашаңырақтың қасиетін сақтап келгенінің айқын дәлелі. Ұлтымыздың елдігінің іргетасын қалаған Жұмабек ағамыз 1986 жылы өмірден озғанда, мәңгілік үйіне де өз қолымен жайғастырған Пернетай ағамыз болатын. Бұл дәстүр - үзілмеген алтын жіптей бүгінге дейін жалғасып отыр.

2025 жылдың қазан айында Бесім батыр ұрпағы, мемлекеттік қызмет ардагері, белгілі қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімұлының бастамасымен қасиетті Түркістан төрінде ғылыми басқосу өтті. Оралбай Әбдікәрімұлы бастап арқадан арнайы келген делегацияны Түркістан облыстық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Мәуленқұлов Жеңісбек ағамыз қарсы алып, облыстық, қалалық әкімдіктердің басшы азаматтары зор құрмет көрсетті.

Бұл - жай ғана жиын емес, рухты жаңғыртқан тағылымды кездесу еді. Бабалар рухына арналып ас беріліп, Құран оқытылды. Орталық мешітте Жұман Әбдікәмал мен ғалым Құрманбаев Рамазан ел ағалары әулет атынан Бесім баба рухына тағзым ретінде құрбандыққа ақ атан түйе атап, ноқтасын Пернетай ағаға ұстатты. Осындай жанашыр, табанды азаматтардың арқасында көмескі тартқан есім қайта жаңғырып, жоғалған тарих өз орнын таба бастады. Дүбірлі жиында Оралбай Әбдікәрімұлы ағамыз Пернетай Қамбарұлына қарата былай деген еді:

«Пернетай бауыр, сен біздің Жұмағали Мағзи інімізбен жылдар бойы қол ұстасып жүріп, ел тарихы үшін өлшеусіз қызмет атқардыңдар, сондықтан сенің шаңырағың - Түркістандағы Арқа азаматтарының тоқтайтын қарашаңырағы болмақ. Жұмабек Тәшенов сынды бірегей асыл ағамыздың үнемі осы үйге түсуінің де себебі осы шығар. Қарашаңырақтың жүгі ауыр, жауапкершілігі де ауыр. Кез келген бауырымыз бұл үйге өз шаңырағындай тоқтайды. Қарашаңырақ - берекенің ордасы, киенің мекені болсын» деп қорытындылады.

Арқадан арнайы ат басын тіреп келген Әбділхакім Ақмұрзин, Жұман Әбдіқамал, Тұрар Алтынбеков, Мелс Ахмедияұлы, Әбдіхалық Омаров, Бейсенбай Ысқақұлы, Рамазан Құрманбаев, Қуаныш Хантурин, Серік Ынтуұлы, Ғали Әшім ағалар Пернетай ақсақалды шынайы көңілмен құттықтап құрмет көрсетіп жатты...

Қарашаңырақ - ол тек бір үй ғана емес, ол - тарихтың тірі куәсі, дәстүрдің тұғыры, ұрпақтар арасын жалғаған алтын көпір. Бұл сөз - бір әулеттің ғана емес, тұтас ұлттың рухани сабақтастығын танытатын ұғым.

Тарих кейде үнсіз жатады. Бірақ іздеген адамға сөйлейді. Бүгін сол үн қайта естілді. Енді осы қайталанбас тарихи сәттерді ұлттың жадында сақтау ортақ міндетіміз. Өйткені бабасын ұмытпаған халық қана болашағын баянды ете алады.

**Жұмағали Диярұлы МАҒЗИ,**
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, тарих ғылымдарының магистрі,**
**Қарағанды қаласы,**
**21.02.2026.**

# ҚЫРАН БАПТАҒАН ҚАЙСАР ҚЫЗ



Аудандық балалар кітапханасында Наурыз мерекесіне арналып ұлттық рухты асқақтатқан ерекше кездесу өтті. Қазақтың саятшылық өнерін жанына серік еткен, халықаралық деңгейде мойындалған бүркітші Мақпал Мұратқызы Әбдіразақова оқырмандармен жүздесіп, «Ұлттық өнердің нәзік жанды иесі» атты кештің қонағы болды.

Саятшылық - жай ғана аңшылық емес, бұл - үлкен мектеп, төзім мен батылдықтың символы. Мақпал Мұратқызы шара барысында бүркіт баптаудың қыр-сырына тоқталып, құстың тілін табу - нағыз өнер екенін айтты. Ол өзінің айнымас серіктері болған - «Ақжелке» атты қыраны мен «Аққұс» атты жүйрік тазысы туралы қызықты деректермен бөлісті.

«Құсбегілік пен тазы баптау - егіз ұғым. Қыран бүркіт аспанның қожасы болса, тазы - жердің еркесі. Менің «Ақжелкем» мен «Аққұсым» - менің ең сенімді достарым, әрі бабалар мұрасын бірге арқалап жүрген серіктерім болған», - деді бүркітші қыз мақтанышпен.

Мақпал ханым оқырмандарға құсбегінің арнайы жабдықтарын (томаға, биялай, тұғыр, жемқалта) көрсетіп, олардың әрқайсысының атқаратын қызметін түсіндіріп берді.

Мақпал Мұратқызының есімі бүгінде тек Қазақстанда емес, мұхиттың арғы бетіндегі оқырмандарға да таныс. Кездесуде ол өзінің есімі мен еңбегі енген отандық және шетелдік басылымдарды таныстырды: Адриенна Майордың (Adrienne Mayor) Америкада жарық көрген «The Amazons: Lives & Legends of Warrior Women Across the Ancient World» кітабы (бұл еңбекте қазақ қыздарының батырлық бейнесі сомдалған), Бағдатхан Мұптекеқызының «Қыран» кітап-альбомы, Динара Шайжүнісқызының «SUPER ҚЫЗ» атты шабыт берер хикаялар жинағы, Данияр Әлбозымның «Қазақ бүркітшілігінің әліппесі» және «Саятшылық» атты туындылары.

Кітапхана библиографы Бағдат Хасенқызы арнайы ұйымдастырылған «Құсбегі бұрышы» атты кітап көрмесіне шолу жасады. Көрмеде саятшылықтың тарихы мен бүгіні туралы құнды еңбектер жинақталған.

Еркін форматта өткен кеште оқырмандар «Бүркіт адамды қалай таниды?», «Тазыны қалай баптайды?» деген секілді сұрақтарына жауап алды. Шараның көркін кішкентай оқырман Нәсіпбек Ақмейірдің орындауындағы «Наурызым» әні аша түсті.

Қыз баланың қолына қыран қондырып, қасына тазы ертіп, ат үстінде еркін көсілуі - ата-бабамыздан қалған жауынгерлік дәстүр мен нәзіктіктің тамаша үндесуі. Мақпал Мұратқызымен өткен бұл кеш кітапхана оқырмандары үшін ұмытылмас оқиға болды.

Шара соңында қонаққа сыйлық табысталып, оқырмандар естелік суретке түсті.

**Ляззат ШЛИКБАЕВА, Шет аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.**

# АРМЫСЫҢ, ӘЗ НАУРЫЗ



Өспен ауылдық округі көлемінде Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесіне арналған «Армысың, Әз Наурыз» атты кең ауқымды мерекелік бағдарлама жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көпшіліктің көңілінен шықты. Бұл жолғы мерекенің басты ерекшелігі - шараның бүкіл ауылдық округті қамтып, елді мекендер арасындағы бірлік пен татулықты нығайтуға бағытталуында болды.

Мерекенің ашылу салтанаты жылдағы игі дәстүрмен басталды. Әр көше тұрғындары ұлттық тағамдардан ақ дастархан жайып, қонақжайлылықтың жарқын үлгісін көрсетті. Дастарханға арнайы Наурыз батасы беріліп, ел амандығы мен ырыс-берекеге арналған ақ тілектер айтылды. Осыдан кейін ауыл тұрғындары мен келген қонақтар ұлттық тағамдардан дәм татып, мерекелік көңіл күйге бөленді.

Шара барысында ән мен жырға толы концерттік бағдарлама ұсынылып, ауыл өнерпаздары өз өнерлерін паш етті. Ұлттық нақыштағы әндер шырқалып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Мерекелік бағдарламаның маңызды бөлігі - ауылдық округке қарасты елді мекендер арасында ұйымдастырылған «Бес сайыс» атты командалық жарыс болды. Сайысқа Өспен-1, Өспен-2, Еркіндік, Айғыржал және Айса командалары қатысып, өзара мықтыны анықтады. Қатысушылар қол күрес, гир көтеру, желке тартыс, арқан тартыс және садақ ату сынды ұлттық спорт түрлері бойынша бақ сынасты. Тартысты өткен жарыс қорытындысы бойынша жүлделі бірінші орынды Өспен-1 командасы иеленсе, екінші орын Еркіндік командасына бұйырды, ал үшінші орынды Өспен-2 командасы еншіледі.



Жарыстың әділ әрі жоғары деңгейде өтуіне жауапты болған спорт нұсқаушысы Әбішев Жомарттың еңбегі ерекше атап өтілді.

Сонымен қатар, ауылдық округ жастары арасында асық ату ойыны ұйымдастырылып, ұлттық ойындарға деген қызығушылықтың жоғары екені байқалды. Ал ерлер мен қыздар арасында өткен қол күрес сайыстары да көрермендер назарын өзіне аударып, ерекше тартыспен өтті.

Жалпы, ауылдық округ «Армысың, Әз Наурыз» мерекелік бағдарламасы тұрғындарға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, ұлттық рухты нығайтқан тағылымды шараға айналды. Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен молшылық әкелсін.

**Ұлан ДӘУЛЕТОВ, Өспен ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.**

# ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - ӘЗ НАУРЫЗ

Қазақ даласына көктемдей нұрлы, күн дидарлы шуақты күндермен қатар келетін Наурыз мейрамы - ғасырдан-ғасырға жалғасып, ерекше реңкте тойланып келе жатқан түркі халықтарының төл мерекесі. «Наурыз - көктем мейрамы, табиғаттың жаңаруы, жаңа жылдың, жаңа өмірдің бастауы. Ұлыстың ұлы күні қазақ халқы үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Наурыз мейрамында қазақ халқы бір-біріне деген өкпе-ренішті ұмытып, мейірімділіктің озық үлгісін танытқан» деп көркем үнмен ұлыс мерекесін қарсы алған Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі Бұрма ауылдық кітапханасында тойланды. «Наурыз көктем» кітап көрмесі қойылып, «Наурыз құт береке бастауы» салт дәстүр сағаты өткізілді. Бұл күні қазақтың ұлттық дәстүрлеріне, соның ішінде көрісу, қайырымдылық жасау, ақ дастархан күні деп ерекше мазмұн бере отырып, бағдарлама аясында қазақтың ұлттық тағамдары әзірленіп, қатысушылар үшін дәм тартылды. Ауылымыздағы қартымыз Марат ақсақал барша жандарға алғысын білдіріп, ақ батасын берді.



Кітапхана ұжымы ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғырту үшін, қысқаша мазмұнды көріністер қойып, тұсау кесерде Нұрай балапанның тұсау кесер ырымы жасалса, бесікке салу дәстүрін Өсімдік әжеміз жас нәрестені бесікке қалай салу керек екені туралы айтып, тышты ма жасап, баланы бесікке бөледі. Келген қонақтар Наурыз көже ішіп, салт дәстүр туралы әңгімелерін айтып, осы іс шараны ұйымдастырған кітапхана ұжымына ризашылық білдіріп, алғыстарын жаудырды. Шара соңында сөз алған Мұқаш Нұрлан атамыз да өзінің ақ тілегін білдіріп, Наурыз мерекесінде өздеріне құрмет білдіріп жатқандарына ризашылық танытты.

Ұлыстың ұлы тойына арналған мерейлі мереке соңын Айжан Смағұлованың орындауындағы «Наурыз» әнімен аяқталды.

**Сәлима АЛПЫСБАЕВА, кітапханашы. Бұрма ауылы.**

# НАУРЫЗ - БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

22 наурыз - жылдың басы, шуақты көктемнің мерекесі, қазақтың төл мейрамы. Бұл - күн мен түн теңеліп, жан-жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер үстіне шаттық орнаған, адамдардың төс қағыстыратын ұлыстың ұлы күні. Дәл осы уақытта қазағымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы қайта жаңғырып, дәріптеледі. Білім ошағымыз Қызылтау негізгі орта мектебінде жыл сайын наурыз мейрамын дәріптеу дәстүрге айналған. Наурыз мейрамы қарсаңында бастауыш сыныптар арасында қазақ халқының салт -дәстүрлерін балалардың бойына сіңіру, балаларды ұлттық салт-дәстүрді, мұраларды танып-білуге, сыйлап, түсінуге үйрету, балалардың ой-қиялының, шығармашылық белсенділігінің және бейнелі ойларының дамуына ықпал ету мақсатында «Қош келдің, әз Наурыз!» атты мерекелік іс-шарасы "Армысың, Әз Наурыз" әнімен ашылды.



Мерекеде мектеп директоры Алтынгүл Жеңісқызы мектеп ұстаздары мен оқушыларды Наурыз мерекесімен құттықтап өтті. Бұдан соң Наурыз мерекесіне арналған әндер орындалып, балалар арасында асық ату, арқан тартыс, қол тірес ұлттық ойындары өткізілді. Сонымен қатар оқушылар Наурыз көженің жасалу тарихымен таныстырылып, қойылған сұрақтарға мүдірмей жауап берді. Ұлыстың ұлы күні мейрамы мектебімізде өз мәнінде аталып өтті.

**Айгүл САҒЫНБАЕВА, Қызылтау негізгі орта мектебінің тәрбие ісінің меңгерушісі. Ақшоқы ауылы.**

Мереке шуағы

# БАҚ МЕРЕКЕМ, ҚҰТ МЕРЕКЕМ - ӘЗ НАУРЫЗ

Наурыз - көктемнің келуін, табиғаттың жаңаруын білдіретін ежелгі әрі қасиетті мейрам. Бұл күн - күн мен түн теңеліп, жер бетіне жылылық пен тіршілік қайта оралатын ерекше кезең. Қазақ халқы үшін Наурыз тек жаңа жылдың бастауы ғана емес, ол - татулықтың, бірліктің және мейірімділіктің символы.



Наурыз мейрамы 22 наурыз күні тойланады. Әрбір үйде дастархан жайылып, ұлттық тағамдар дайындалады. Солардың ішінде ең бастысы - наурыз көже.Бұл тағам жеті түрлі дәмнен жасалады, молшылық пен берекенің белгісі болып саналады.

Ортау негізгі орта мектебінде де ерекше «Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне арналған жылдағы дәстүр бойынша онкүндік «Наурызнама» жобасында мектеп оқушыларына тәрбиелік мәні зор, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін іс-шаралар ұйымдастырылды. Оның ішінде «Көрісу күні» амал мерекесінен бастап, «Үлкенге құрмет көрсету күні», «Қайырымдылық жасау күні», «Ұлттық ойын күні» аталып өтті.

Бұдан кейін Наурыз мерекесі жалғасын тауып, үлкен іс шара атап өтілді. Мерекелік кеште мектеп директоры Гареева Аида Георгиевна жиналған қауымға ақ лебізін білдіріп, құттықтауын арнады. Сонымен қатар ауыл әкімшілігі атынан Берденова Әйгерім Қайратқызы Ортаулықтарды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, оқушылардың мерекелік бағдарламасымен жалғасын тапты. Мереке барысында түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылып, оқушылар ұйымшылдықпен қатысты. Жастар алтыбақан теуіп, ән айтып, би билеп, халықтың көңіл-күйін көтерді. Сонымен қатар үлкендер бата беріп, салт-дәстүрді насихаттайтын көріністер ерекше көрермендерге ұнады. Бұл - ұрпақтар сабақтастығын жалғастыратын маңызды дәстүр. Мәселен «Бесікке салу», «Тұсау кесу», «Сырға салу» өте керемет өтті. Бұл шаралар ата-аналар мен оқушылардың қатысуымен ерекшеленді. Домбыра үнінде ойналған «Күй күмбірі» қандай керемет десеңізші. Оқушылар тамаша күйлер орындап, жиналғандарға тамаша көңіл күй сыйлады. Қазақ халқының тектілігі осы бір көріністерден айрықша көрініп тұрғандай. Сондықтан болар бұл мейрам әрқашан ерекше ықыласпен тойланып келеді.



Көктемнің шуақты да шырайлы күнінде әрбірімізге шаттығы мен қуанышы мол көңіл - күй сыйлайтын атына заты сай ерекше мереке.Ендеше, әрбір көктемде қуандырып келетін, шаттық әуен беретін, көңілге күй себетін Ұлыстың ұлы күні-Әз Наурыз құтты болсын баршамызға.

Наурыз - өткен мен бүгінді жалғап, халықтың рухани байлығын дәріптейтін ұлы мейрам. Ол әрбір адамның жүрегіне жылулық сыйлап, жаңа үміт пен сенім ұялатары сөзсіз.

**Перизат АКАШЕВА,**
**Ортау негізгі орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**

# АУЫЛДА ӨТКЕН НАУРЫЗ ТОЙЫ

Наурыз тойы - жылдың басы, шуақты көктемнің мерекесі, қазақтың төл мейрамы. Бұл - күн мен түн теңеліп, жан-жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер үстіне шаттық орнаған, адамдардың төс қағыстыратын ұлыстың



ұлы күні. Дәл осы уақытта қазағымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы қайта жаңғырып, дәріптеледі. Жалпы қазақ халқы салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа өте бай халық. Ал оларды дәріптеу, жаңғырту әрбіріміздің міндетіміз екені хақ. Наурыз мейрамы - ұлттық дәстүрімізді жаңғыртып, бірлігімізді нығайтатын ерекше мереке. Биыл да бұл айтулы күн ауылдарда кең көлемде, жоғары деңгейде аталып өтті.

Ауылдың мәдениет үйінде ұйымдастырылған мерекелік іс-шараға тұрғындар белсене қатысып, ұлттық нақышта безендірілген дастарханнан дәм татты. Көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған шара барысында ұлттық ойындар ойнатылып, жиналған қауым ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрлердің куәсі болды.

Мереке аясында округке қарасты Шопа елді мекенінде келіндер сайысы ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтті. Қатысушы келіндер өз өнерлерін, шеберліктерін, ұлттық салт-дәстүрге деген құрметін көрсете отырып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Сонымен қатар, Ақсу ауылында да 22 наурыз күні Ұлыстың ұлы күні ерекше сән-салтанатымен тойланды.



Түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылып, ауыл тұрғындары белсенділік танытты. Бұл мереке ауыл халқының ауызбіршілігін арттырып, баршаға керемет көңіл-күй сыйлады.

Жалпы, Наурыз мейрамы округ бойынша жоғары деңгейде өткізіліп, тұрғындарға ұмытылмас әсер қалдырды. Осындай игі шаралар ұлттық құндылықтарды дәріптеп, келер ұрпаққа өнеге болары сөзсіз.

**Айнұр ОМАРОВА,**
**Нұраталды ауылдық округінің әкім аппаратының бас маманы.**

# НАУРЫЗ - КӨКТЕМ, ЖЫР ДУМАН

Жыл құсындай сағынып келетін Ұлыстың Ұлы күні тағы да табалдырық аттады. Жер бетіндегі ең көне мерекелердің бірі - Наурыз көктем мен табиғаттың жаңаруы ретінде тойланып келеді. Тарихтың тереңінен бастау алатын бұл мерекені Талды жұртшылығы да сән-салтанатпен қарсы алуда. Наурыз мерекесіне орай Талды ауылдық кітапханасында тәрбие бастауы дәстүріміз демекші, “Наурыз көктем, жыр думан” атты мерекелік шарамыз салт -дәстүріміздің айғағы және де шаңырағымыз биік, керегеміз кең болсын деген ниетпен басталды. Мерекелік дөңгелек үстел отырысы қызметкерлер және жұмыссыз оқырмандармен өтті. Сонымен қатар “Наурыз - жаңару мерекесі” атты көрме қойылып, насихатталды. Наурыз табиғаттың жаңаруы, тіршіліктің қайта жандануы мен жылдың бастауы ретінде тойланады. Мерекеде бесікке салу рәсімін алтын құрсақты аналарымызды шақырып, жас буындарға санасына салт дәстүрімізді ұстануға жол көрсеттік десек болады. Әуезді әуен үні мерекеміздің шырайын аша түсті.



Шараға қатысушылар еліміздің берекесі бітпесін, татулығымыз таусылмасын деген ақ тілектерін білдіріп, Наурыз ежелден келе жатқан халқымыздың берекесі бірлігіне деген риясыз тазалығына, татулығына ынтымақ ықыласына арқау болып, шаттық пен қуанышқа кенелткен ұлы мереке деп, кітапхана ұжымына алғыстарын жаудырып, ерекше шын ықыласпен жеткізді.




Күн мен түннің теңесу күні шын мәнінде бақыт пен берекенің нышанына айналды. Көңілге қуаныш ұялатқан ауыл тұрғындары жылы жылы елімізге тыныштығы мен жасампаз жақсылығын ала келсін деп бір-біріне игі тілектерін білдіріп жатты.

Наурыз-мерекесі ерекше дәстүрімізді дәріптейтін, бірлік пен татулықты нығайтатын ұлы мереке дегім келеді.

**Сәуле ЖУАСБАЙ,**
**кітапханашы.**
**Талды ауылы.**

Назар аударыңыз, Конкурс!

**Шет ауданының әкімдігі жер учаскелерін 2026 жылдың 28 мамырында сағат 10.00-де конкурс өткізеді. Мекенжайы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24 / Акимат Шетского района проводит конкурс по предоставлению земельных участков, который состоится 28 мая 2026 года в 10.00ч. По адресу: Карагандинская область, Шетский район, село Аксу-Аюлы, ул Шортанбай жырау, 24.**

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелері тізімі туралы хабарлама**

## ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

**Перечень земельных участков выставляемых на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства из земель сельскохозяйственного назначения Государственным учреждением «Аппарат акима Шетского района»**

| р/с | **Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округтен арақашықтығы км, жер учаскесінің лот №)** Местоположение земельного участка (отдаленность от сельского округа, среднее расстояние, км.№ лота земельного участка | **Өңірдің ауыл шаруашылығы на мамандануы** Сельскохозяйственная специализация региона | **Жалпы ауданы, га Жалға беру мерзімі, жыл** Общая площадь земельного участка, га Срок аренды, лет | **Алқаптардың құрамы, оның ішінде** | | | | **Топырақтың сапалық сипаттамасы, (орташа балл бонитет)** Качественная характеристика почв (балл бонитета) | **Сумен қамтамасыз етілуі** Водообеспеченность |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Егістік** Пашня | **Шабындық/** Сенокосы | **Жайылымдық** Пастбища | **Басқа алқаптар** Другие земли | | |
| 1 | Шет а/о, Үңірек а.20 ш.,Шетский с/о,20 км от с.Унирек **Лот № 74** | **мал шаруашылығы/**животноводство | **201,5062 га 15 жыл** 15 лет | - | - | 201,5062 | - | **12** | |
| 2 | Ақжал к/о, Ақжал к.36 ш.,Акжалский п/о,36 км от п.Акжал **Лот № 14** | **мал шаруашылығы/**животноводство | **1539,5655 га 15 жыл** 15 лет | - | - | 1535,0000 | 4,5655 | **12** | |
| 3 | Талды а/о, Талды а.9 ш.,Талдинский с/о,9 км от с. Талды **Лот №86** | **мал шаруашылығы/**животноводство | **145,2372 га 15 жыл** 15 лет | - | - | 145,0000 | 0,2372 | **12** | |
| 4 | Ортау а/о, Ортау а.16 ш.,Ортауский с/о, 16 км от с. Ортау **Лот №45** | **мал шаруашылығы/**животноводство | **1179,1046 га 15 жыл** 15 лет | 1171,0 | - | - | 8,1046 | **12** | **Суағарлар бар, Есть ручьи** |
| 5 | Ақшатау к/о, Ақшатау к.36 ш., Акчатауский п/о,36 км от п.Акчатау **Лот №47** | **мал шаруашылығы/**животноводство | **299,0545 га 15 жыл** 15 лет | - | - | 297,0000 | 2,0545 | **12** | **Суағарлар бар, Есть ручьи** |

**ЕСКЕРТПЕ**: Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім; 2) конкурстық ұсыныс. Конкурстық ұсыныста: Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өндеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны); 2) Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау; 3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын және жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң 2026 жылдың «04» мамырынан бастап 2026 жылдың «26» мамыр аралығында сағ.09.00-ден 18.00-ға дейін өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Қатысушы ұсынысты (конкурстық өтінімді) конвертке желімдейді, "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі Конкурс" және "_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ сағатқа дейін ашуға болмайды "деген жазу көрсетіледі"__" ____________ ______ (нақты уақыты мен күні көрсетіледі). Толық ақпаратты Қарағанды облысы «Шет ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 8710-31-21-2-70 алуға болады.

**ПРИМЕЧАНИЕ**:Участник, являющийся физическим и юридическим лицом, для участия в конкурсе представляет следующие документы:

1) заявка на участие в конкурсе; 2) конкурсное предложение. Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры; 3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения и Правил рационального использования пастбищ, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника - для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) - для юридических лиц. Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении тридцати календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса с «04» мая 2026 года по «26» мая 2026 года с 09.00 до 18.00 часов. Со схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа и с уголков информации сельских округов и районного отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства. Участник запечатывает предложение (конкурсную заявку) в конверт, указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и "НЕ ВСКРЫВАТЬ ДО ___ часов "___" ____________ ______ года" (указывается точное время и дата).

Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Шетского района» Карагандинской области по телефонам: 8710-31-21-2-70.

Қоғамдық тыңдаулар

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖК «NFC Central Asia Ltd» Қарағанды облысы, Шет ауданында орналасқан «Караөзек» учаскесінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жобасына әзірленген «Қоршаған ортаға әлеуетті әсер туралы есеп» тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағы - Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұраталды а. о., Қошқарбай ауылы (с.ш. 49°03'59" в.д. 73°33'15";)

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 13 мамырда сағат 15.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұраталды а. о., Қошқарбай ауылы, Ботай Байзақ көшесі, №38 ғимарат, Қошқарбай ауылының мәдениет үйіде өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgw N2RRc3crQWpndz09&omn=87393561662.

Конференция идентификаторы: 401 430 4885 кіру коды jJfwV1.

Бастамашысы: ЖК «NFCCentral Asia Ltd», 010000, ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 55/16 ғимарат, 260140900366, Бектенов Данияр Асылбекович, 87066970404, nfcasia@mail.ru

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе қ., Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99 пәтер, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup. aktobe@gmail.com.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында, жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 702 392 3707 телефоны, ecogroup. aktobe@gmail.com бойынша сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды: ndbecology.gov.kz парақшасында және де «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ expertiza.upr_krg@mail.ru Қарағанды қ., Лободы көшесі, 20 үй мекенжайы бойынша қабылдайды.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЧК «NFC Central Asia Ltd» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний на тему «Отчет о возможных воздействиях» к Плану разведки твердых полезных ископаемых на участке «Караозек» расположенного на территории Шетском районе Карагандинской области.

Территория воздействия - село Кошкарбай, Нураталдинский с.о., Шетский район, Карагандинской области (с.ш. 49°03'59" в.д. 73°33'15";)

Общественные слушания состоятся 13 мая 2026 года в 15.00 по адресу: Карагандинская область, Шетский район, Нураталдинский с.о., с. Кошкарбай, улица Ботая Байзака, строение 38, дом культуры села Кошкарбай

Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке: https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgw N2RRc3crQWpndz09&omn=87393561662

Идентификатор конференции: 401 430 4885 Код доступа: jJfwV1.

Инициатор: ЧК «NFC Central Asia Ltd», 010000, РК, Г.Астана, Район Есиль, Проспект Мәңгілік Ел, здание № 55/16, 260140900366, БЕКТЕНОВ ДАНИЯР АСЫЛБЕКОВИЧ, 87066970404, nfcasia@mail.ru

Реквизиты разработчика проектных документаций: ТОО «Projects World ECO Group», БИН 160340009675, РК, г.Актобе, жилой массив Каргалы, дом 18В, кв. 99, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ndbecology.gov.kz, на сайте местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com

Замечания и предложения принимает на сайте ndbecology.gov.kz и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» expertiza.upr_krg@mail.ru по адресу г.Караганда, ул.Лободы, 20.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖК «NFC Central Asia Ltd» Қарағанды облысы, Шет ауданында орналасқан «Караөзек» учаскесінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жобасына әзірленген әсер етуге Экология-лық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ); Жол берілетін қалдықтар нормативтері жобасы (ЖБҚН); Қалдықтарды басқару бағдарламасы Жобасы (ҚББЖ); Экологиялық бақылау бағдарламасы Жобасы (ЭББЖ); Табиғат қорғау іс-шаралар жоспары (ТҚІШЖ) тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағы - Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұраталды а. о., Қошқарбай ауылы (с.ш. 49°03'59" в.д. 73°33'15";)

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 13 мамырда сағат 16.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұраталды а. о., Қошқарбай ауылы, Ботай Байзақ көшесі, №38 ғимарат, Қошқарбай ауылының мәдениет үйіде өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgw N2RRc3crQWpndz09&omn=87414657659

Конференция идентификаторы: 401 430 4885 кіру коды jJfwV1.

Бастамашысы: ЖК «NFCCentral Asia Ltd», 010000, ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 55/16 ғимарат, 260140900366, Бектенов Данияр Асылбекович, 87066970404, nfcasia@mail.ru

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе қ., Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99 пәтер, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup. aktobe@gmail.com.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында, жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 702 392 3707 телефоны, ecogroup. aktobe @gmail.com бойынша сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды: ndbecology.gov.kz парақшасында, және де «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ expertiza.upr_krg@mail.ru Қарағанды қ., Лободы көшесі, 20 үй мекенжайы бойынша қабылдайды.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЧК «NFC Central Asia Ltd» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний на тему: Пакет документов для получения Экологического разрешения на воздействие: Раздел Охраны Окружающей среды (РООС); Проект Нормативов допустимых выбросов (НДВ); Проект Программы управлении отходами (ПУО); Проект Программы экологического контроля (ПЭК); План природоохранных мероприятий (ППМ) к Плану разведки твердых полезных ископаемых на участке «Караозек» расположенного на территории Шетском районе Карагандинской области.

Территория воздействия - село Кошкарбай, Нураталдинский с.о., Шетский район, Карагандинской области (с.ш. 49°03'59" в.д. 73°33'15";)

Общественные слушания состоятся 13 мая 2026 года в 16.00 по адресу: Карагандинская область, Шетский район, Нураталдинский с.о., с. Кошкарбай, улица Ботая Байзака, строение 38, дом культуры села Кошкарбай.

Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке: https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgw N2RRc3crQWpndz09&omn=87414657659

Идентификатор конференции: 401 430 4885 Код доступа: jJfwV1.

Инициатор: ЧК «NFC Central Asia Ltd», 010000, РК, Г.Астана, Район Есиль, Проспект Мәңгілік Ел, здание № 55/16, 260140900366, БЕКТЕНОВ ДАНИЯР АСЫЛБЕКОВИЧ, 87066970404, nfcasia@mail.ru

Реквизиты разработчика проектных документаций: ТОО «Projects World ECO Group», БИН 160340009675, РК, г.Актобе, жилой массив Каргалы, дом 18В, кв. 99, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup. aktobe@gmail.com.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ndbecology.gov.kz, на сайте местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com

Замечания и предложения принимает на сайте ndbecology.gov.kz и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» expertiza.upr_krg@mail.ru по адресу г.Караганда, ул.Лободы, 20.

## Еске алу



Ақсу-Аюлы ауылының тұрғындары болған, бірімізге асқар тау әке, бірімізге ардақты ата **Рысқұл ҚУАНЫШБЕКҰЛЫНЫҢ** фәни дүниеден бақиға озғанына 20 жыл, ақ жүректі сүйікті апамыз **ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ Рысжанның** қайтпас сапарға кеткеніне 4 жыл, сүйікті ұл, аяулы жар, қимас бауыр, ардақты әке **РЫСҚҰЛҰЛЫ Зейіннің** өмірден озғанына 5 жыл толып отыр.



Иә, «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ» демекші, туғандарымыздың өмірден өткені жанымызға қаяу салып кетті. Ардақты әкеміз әулеттің арқа сүйер тірегі, туысқа адал, елге сыйлы, ауданымыздың құрметті азаматы болды. Жанұяның алтын діңгегі болған әкеміз тектілігімен еліне адал қызмет етіп, халықтың алғысына бөленіп, небір марапатарға, лайықты құрметтерге бөленді, алғыстар алды.

Асқар тау атамыз, аяулы апамыз, қимас бауыр, сүйікті әке - біз үшін сағынышқа айналды, олардың рухы әрқашан біздің бірге.



Бүкіл санаулы ғұмырларын өзі туған еліне арнаған, адал қызмет жасаумен өмірін өткізген жандардың асыл бейнесін, өнегелі сөздерін сағынышпен еске аламыз.

Нұрлы бейнелерің есте қалар
мәңгілік,
Дауыстарыңыз да құлақта тұр
жаңғырып.
Арамызда жоқтықтарыңызды
білсек те,
Келетіндей арман менен сан үміт.

Өзектері өртеніп сағыныштан,
Тілек арнап жүректен алып
ұшқан.
Жақындары қимастықпен еске алады,
Кездерді бірге жүріп бақыт құшқан.

Ардақты жандарды сағына еске алушылар: **Жонкиндер** әулеті.

Үстіміздегі жылдың сәуір айының 11 жұлдызында сағат 13.00-де аудан орталығындағы «Сұлтан» дәмханасында ардақты жандарға құран бағышталып, ас беріледі.

Асқа ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жарандар, көрші-қолаң, әріптестер және марқұмдардың көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

8 қараша 2025 жылы қайтыс болған Адамбекова Айнур Фархатовнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17. үй тел. 8 701 751 16 86.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Метжановой Лязат Алпысовны, умершей 31 декабря 2018 года.

Заинтересованные лица могуть обратиться к нотариусу Султановой К.Т, по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Спатаева Мейрама Елдосовича, умершей 19 марта 2026 года.

Заинтересованные лица могуть обратиться к нотариусу Султановой К.Т, по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Янкиной Ольги Анатольевны, умершей 2 марта 2026 года.

Заинтересованные лица могуть обратиться к нотариусу Султановой К.Т, по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

Бәрекелді!

# БИШІЛЕР БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕС

**Аудан орталығындағы С.Мұхамеджанов атындағы өнер мектебі жанынан құрылған «Кәусар» хореографиялық би ансамблі - бекзат өнердің биігіне самғап келеді. Олардың қол жеткізген жетістіктері соның айқын көрінісі. Мың бұралған бишілер тобы талдырмаш өнерлерімен көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Саусақ иірімдері сан құбылғанда таңдай қағарсың. Бұл - биші балапандардың өнері. Сонымен қатар «Кәусар» би тобы жергілікті тұрғындарға да тартымды өнерімен жақсы танымал. Олар аудандық, облыстық, республикалық деңгейде ұйымдастырылатын мәдени іс-шаралардың үнемі бел ортасында жүреді. Сахнаға алуан түрлі тартымды композицияларды сәтті шығаруға әдеттенген. Балғын бишілердің орындауында көптеген ұлттар мен ұлыстардың көрермен көңіліне қонымды билері бар.**

**Жас бишілердің жанарындағы жалын ұшқыны - олардың әлі де сан биікті бағындыра алары-ның айғағы.**



Соның айғағындай жақында Саран қаласында "Сарыарқа дарыны" балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы, Саран қаласының білім бөлімі және Саран қаласының балалар өнер мектебінің ұйымдастыруымен өткен "Биші қайың" ІІІ облыстық хореографиялық фестиваль байқауында С.Мұхамеджанов атындағы өнер мектебінің "Кәусар"хореографиялық ансамблі Бас жүлдеге ие болса, Астана қаласында өткен "Jas Daryn" конкурстық жобасы - "DANCE LIVE" халықаралық конкурс-фестивалінде Қазақ биі "Ақжелеңді" орындап - Бас жүлде, Қытай биімен - Бас жүлде, Хорезм биімен - екінші орынды иеленді.

Осы фестивальда балғын бишілер қазақ биінің сұлулығын және өзге ұлттар би өнерінің әсемділігімен ұштастырған би ырғағын көрерменге паш етті. Өнерпаздар өнерсүйер қауымды орындау шеберліктерімен де, киген костюмдерімен де таңқалдырып, тамаша көңіл-күй сыйлады. Мың бұралған биші қыздарымыз талдырмаш өнерлерімен көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Осы жас биші - өнерпаздарымыздың өнерінің ұшталуына қолайлы жағдай тудырып, өнерге баулып жүрген жетекшілері Ахметова Дана Бақытқызының еңбегін атап айтуға болады.

«Кәусар» би тобының мың бұралған бишілері әлі де талай додалардан жеңіспен оралады деген сенімдеміз.




**Салтанат ЖОСАЛБАЙ.**

Рухани байлық

# МУЗЫКА - БАЛАНЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Мектепке дейінгі кезең - баланың тұлғалық қалыптасуының ең жауапты әрі маңызды шағы. Осы уақытта берілген тәрбие оның рухани әлемінің негізін қалайды. Ал сол тәрбиенің ең әсерлі, ең нәзік құралы - музыка.

Музыка - баланың жан дүниесіне тікелей жол тауып, оның ішкі сезімін оятып, эмоциялық мәдениетін қалыптастыратын құдіретті күш.

Музыка жетекшісі ретінде менің басты мақсатым - әр баланың жүрегіне әсемдікке деген сүйіспеншілік ұялату, ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру және шығармашылық қабілетін дамыту. Музыка сабағы - тек ән айту мен би билеу ғана емес, ол - баланың өзін еркін сезінуіне, сезімін жеткізуіне, қиялын дамытуына мүмкіндік беретін орта.

Өз тәжірибемде балалардың жан-жақты қызығушылығын оятуға ерекше мән беремін. Сабақ барысында ұлттық аспаптарды кеңінен қолданамын. Домбыра, асатаяқ, сылдырмақ, дабыл сияқты аспаптар арқылы музыкалық ойындар ұйымдастырып, шағын оркестрлер құрамын. Бұл әдіс балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың бір-бірімен үйлесімді жұмыс жасауына, тыңдай білуіне, жауапкершілік сезімінің қалыптасуына ықпал етеді.

Осындай жұмыстар барысында ең тұйық, көп сөйлемейтін балалардың өздері музыкаға ерекше құлшыныс танытып, аспаптарды қызыға ойнап, ортаға ашыла бастағанын байқадым. Музыка олардың ішкі әлемін ашып, өзіне деген сенімділігін арттырды. Бұл - музыка тәрбиесінің нақты нәтижесі деп білемін.

Музыкалық-ырғақты қимылдар, сахналық қойылымдар мен мерекелік іс-шаралар балалардың эстетикалық талғамын дамытып, сахна мәдениетін қалыптастырады. Әсіресе, ұлттық әуендер мен халық шығармашылығы арқылы баланың бойында туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі оянады.

Қазіргі білім беру кеңістігінде музыка жетекшісі үнемі ізденіс үстінде болуы тиіс. Заманауи технологияларды, ойын элементтерін, шығармашылық тапсырмаларды тиімді қолдану арқылы сабақтың мазмұнын байытып, әр баланың қабілетін ашуға мүмкіндік жасауға болады.

Қорытындылай келе, музыка - баланың жан дүниесін қалыптастыратын, рухани байлығын арттыратын, адамгершілік қасиеттерін дамытатын тәрбие құралы. Музыка арқылы бала өзін танып, әлемді сезінуге үйренеді. Ал музыка жетекшісінің міндеті - сол нәзік әлемге жол тауып, әр баланың жүрегіне өнердің шуағын дарыту.

Менің педагогикалық ұстанымым - музыка қашанда бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады деген сенімге негізделген.

Музыка - эстетика. Ол баланың әсемдікке деген талғамын қалыптастырады, сұлулықты сезіне білуге үйретеді.

Музыка - тәрбие. Ол бала бойына мейірімділік, ізгілік, сыйластық сияқты асыл қасиеттерді сіңіреді.

Музыка - әдемілік. Әуен мен ырғақ.

**Серхгүл ХУАНДАХ, «Балдәурен» бөбекжайының музыка жетекшісі. С.Сейфуллин кенті.**



## БАННЕР БАСЫП ШЫҒАРУҒА ТАПСЫРЫСТАР ҚАБЫЛДАЙМЫЗ!



Шет аудандық "Шет шұғыласы" газетінің редакциясында әр түрлі көлемде әдемі дизайнмен дүкендерге, басқа да сауда орындарына, тойға, көшелерге баннер басып шығаруға тапсырыстар қабылдаймыз.

Бізде тәжірибесі бар маман жұмыс жасайды.

**Тапсырыс берем деушілер болса редакцияның 8 (71031) 21-1-42 телефонына немесе баспагер Мейрамбектің 8 707 991 63-98 ұялы телефонына хабарласуға болады.**


Оқушылар қаламынан

# ҒАСЫР АҚЫНЫ - МҰҚАҒАЛИ

Ғасыр ақын!
Өмірге бар жанымен ғашық ақын,
Жанартаудай жырларың жалын атып,
Арнасынан жатыр ғой тасып ақын.

Қайсар ақын!
Жырлары жайлауындай жайсаң ақын,
Бүгін сенің күнің деп күллі қазақ,
Паш етуі керек қой жар сап ақын.

Жалын ақын!
Құрметіне жұртыңның малын ақын.
Сен қазақтың жүз жылда бір туатын,
Жаралған ақынысың бағына тым.

**Айзере ӘБДІҒАЛЫМ, С.Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебінің «Жыр маржаны» үйірмесінің шәкірті.**

# МҰҚАҒАЛИ АҚЫНҒА АРНАУ

Жырды сүйген қазағымда думан күн,
Өлең сүйер тыңдарманды жиған күн.
Құтты болсын, Алаш жұрты бүгінгі,
Қара өлеңнің падишасы туған күн.

95 жыл ғұмырында елеулі,
Із қалдырып, құрметке ақын бөленді.
Мұқағали - поэзия патшасы,
Әкелген ол қымбат жауһар өлеңді.

Жыр маржаны тұнып тұрған ақыл-ой,
Өлеңімен қазағына жақын ол,
Ғибраты әр сөзінен білінген,
Бір ғасырда бір туатын ақын ол.

**Нұрай ТҰРСЫН, С.Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебінің «Жыр маржаны» үйірмесінің шәкірті.**

Shet shuǵylasy
Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Директор-редактор
**Мейрам Дәулетбекұлы СӘДУАҚАСОВ**

**Редакция мекен-жайы:** Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. **Газет** аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1400 дана. **Газеттің** басылу сапасына "Арко" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
**Газет** редакцияда теріліп, беттелді. **тел/факс:** 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.
**Эл. пошта:** Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРКО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

**Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы,** жауапты хатшы тел. 8 702 484 30 86
**Айтолқын Төлепбергенова** бас бухгалтер тел. 8 777 574 89 31.
**Нұрғалиев Мейрамбек** 8 7079916398 баспа маманы

**Газет** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.